# VIII РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПӘНДІК ОЛИМПИАДА


Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университеті



Ақтөбе университеті

argugazeti@mail.ru

№ 08(384) 30 сәуір 2016 ж

1996 жылдан бастап шыға бастады

"Ақтебе Университеті" Газеті АРГУ им. К.Жубанова +7 7132 241 831


## БІЛІМДІ МЫҢДЫ ЖЫҒАДЫ



**«Филология: қазақ филологиясы» мамандықтары арасында қазақ тілі мен адебиеті пәнінен VIII Республикалық пәндік олимпиаданы вткізу осы жылы біздің университетіміздің еншісіне тиді. Олай дейтін себебіміз, еткен оқу жылында уйымдастырылған VII республикалық пәндік олимпиадада біздің студенттерден құралған команда бірінші орынды иеленген болатын. Олимпиада ережесі бойынша бірінші орынды иеленген жоғарғы оқу орны олимпиаданы ұйымдастыруға құқылы.**

Университетіміздің филология факультеті ұйымдастырған олимпиаданың ашылуы Студенттер сарайында салтанатты түрде етті. Республикамыздың белді-бегді жоғары оқу орындарынан келген 10 команда сахнаға шақырылып, кепшілікке таныстырылып, естепік суреттерге түсті. Атап етер болсақ, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті (Апматы қаласы), Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті (Астана қаласы), Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті (Семей қаласы),Ш.Уәлиханов атындағы Кекшетау мемлекеттік университеті (Кекшетау қаласы), Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласы), С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті (Павлодар қаласы), М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті (Орал қаласы), Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті (Семей қаласы), Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университеті (Алматы қаласы), Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті командалары.

Олимпиада екі күнге жоспарланып, терт турдан тұрды. Алғашқы күні командалар ез мамандықтарының қоғамдағы рвлін айшықтап керсетіп, таныстыра білу шеберлігің сондай-ақ, екінші турда тілдік және адеби талдау жасау білікпліп бойынша сынға тусті. Екінші күнде ұшінші тур компьютерлік тестілеу бойынша вткізілсе, твртінші турда командалар ғылыми жобаларын қорғаудан сайысты. Олимпиада ете жоғары деңгенде ұйымдастырылып, қызықты етті.

Филология факультетінің деканы Сабыржан Мұхгаров: «ыздің университет мұндай мәртебеге екінші рет ие болып отыр. Алғашқы 2013 жылы және биыл Студенттеріміз жеті рет ұйымдастырылған олимпиаданың әр жылында да жүлделі орындарды иеленіп келаді. Бұл университетімізде білікті де кәсіби филолог мамандардың дайындалып жатқандығының керсеткіші десек болады. Осы жопы біздің команда сайыстан тыс қатысады. Яғни, сайысқа қатысқанмен орын берілмейді. Олимпиаданың талабы сондай»,- деиді.

Олимпиадаға филология ғылымдарының докторы, профессор Күлзат Садирова, филология ғылымдарының докгоры, профессор Гүлжан Шоқым, филология ғылымдарының докгоры, профессор Жұбаназар Асанов, филология ғылымдарының докгоры, профессор Жанна Текпғұл филология ғылымдарының кандидаты Мира Балтымова төрелік етті.

Нәтижесінде езгелерден озық бойы алға шыққан Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеп командасы жеңіске жетті. Ш.Уәлиханов атындағы Кәкшетау мемлекеттік университеп мен С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті командалары екінші орынды иепенсе, теңдей кәрсеткішке ие болған үш жоғары оқу орны Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университеті және Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті ұшінші орынды әзара белісті.

**Жадыра АРЕН**



## ЛУЧШИЕ ИЗ ЛУЧШИХ



**19-20 апреля с.г. в Актюбинском региональном государственном университете имени К.Жубанова проведена VIII Республиканская предметная олимпиада по специальности «География». Команда нашего университета в 2010, 2011, 2012, 2013, 2014, 2015 годах занимала призовые места в Республиканских предметных олимпиадах, которые проводились ведущими вузами республики, такими, как КазНПУ им. Абая, ЗКГУ им. М.Утемисова. Согласно Положению Республиканской предметной олимпиады право проведения олимпиады передается вузу, занявшему 1 место. АРГУ им. К.Жубанова была предоставлена возможность проводить олимпиаду в соответствии с планом МОН РК 2 раза: в первый раз - в 2012 году, во второй - в текущем году.**

В предметной олимпиаде приняли участие 19 команд из 18 вузов. Это Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахский государственный женский педагогический университет, Западно-Казахстанский государственный университет им. М. Утемисова, Северо-Казахстанский государственный университет имени М. Козыбаева, Кокшетауский государственный университет имени Ш. Уалиханова, Атырауский государственный университет имени Х. Досмухамедова, Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, Жетысуский государственный университет имени И. Жансугурова, Южно-Казахстанский государственный университет имени М. Ауэзова, Павлодарский государственный педагогический институт, Костанайский государственный педагогический институт, Южно-Казахстанский государственный педагогический институт, Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясави, Казахский гуманитарно-юрндический инновационный университет, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова, Таразский инновационно-гуманитарный университет, университет «Сырдария» и команда нашего вуза.

Олимпиада состояла из двух туров. Первый тур состоял из тестовых заданий, определения географических терминов и понятий. Во втором туре необходимо было схематично показать маршруты исследователей природы Казахстана, задания по характеристике явлений и процессов географии современного мира. Команда АРГУ им. К.Жубанова участвовала вне конкурса, продемонстрировав достаточно высокий уровень.

По итогам олимпиады I место заняла команда Северо-Казахстанского государственного университета имени М. Козыбаева, II место - Карагандинского государственного университета им. Е.А.Букетова, Кокшетауского государственного университета имени Ш. Уалиханова, III место - Казахского национального педагогического университета имени Абая, Жетысуского государственного университета имени И. Жансугурова и Международного казахско-турецкого университета имени Х.А. Ясави.

Участие в предметной олимпиаде предоставило участникам возможность на практике отработать навыки выбранной профессии. VIII Республиканская предметная олимпиада дала положительный результат по выявлению уровня формирования и развития компетентности будущих специалистов для дальнейшего приобщения их к научной деятельности и расширения научного потенциала страны.

**Гулнар КУБЕСОВА,**
**заведующая кафедрой географии**



# ЖАҢА ӘДІСТІҢ БАСТАУЫ

Жақында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті оқу орнының құрылғанына 50 жыл толуына арналған сырттай оқу факультетінің ұйымдастыруымен «Білім беру ұйымдарындағы оқытудың жаңа әдістері» тақырыбында халықаралық интернет-конференция өткізді.Шараны өткізудегі алға қойылған мақсат: студенттерді ғылымға бейімдеу, өз бетінше ізденіп, ойлана білуге, ой қорытындыларын жасай білуге машықтандыру. Конференцияға Түркия, Қытай мемлекеттерінен және республиканың бірнеше жоғары, арнаулы білім беретін оқу орындарынан 100-ден астам материал келіп түсті. Бұл шараның ерекшелігі университетіміз елімізде алғашқы болып қолға алып отырған оқытудың жаңа әдістерінің бірі: «e-Learni лg» онлайн оқыту жүйесін іс жүзіне асыру болды. Конференция жұмысының жүру барысында Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Ақтөбе гуманитарлық колледжі, университеттің экономика, физика- математика факультеттері тікелей байланысқа шықты.



Конференция жұмысына Республикамыздың әр аймақтарындағы ЖОО-ның, колледждердің күндізгі және сырттай оқу түрінде білім алушы студенттер,ізденуші жас ғалымдар, магистранттар мен докторанттар қатысты. Онлайн режимінде өткен интернет конференцияны сырттай оқу факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор Абат Шамұлы Пангереев жүргізді.

Конференцияға қатысушыларды Университеттің ғылыми-инновациялық жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Алтыншаш Үпұқызы Бекбауова құттықтап, шығармашылық табыс тіледі.

Онлайн режимінде өткен пленарлық мәжілісте сырттай оқу факультеті математика мамандығының 1 курс студенті Миржан Орын «Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін шығару әдістері», филология факультетінің 4 курс студенті Айгүл Таңатарова «Испам дәуіріндегі қазақ әдеби тілінің мәні мен ерекшеліктері», сырттай оқу факультетінің 5 курс студенті Назгүл Кеңес «Программалау» факультативтік курсын ұйымдастыру және өткізу», сырттай оқу факультеті информатика мамандығының 3 курс студенті Манаргүл Қойлыбаева «Математиканы оқытуда қолданылатын компьютерлік бағдарламалар», педагогика ғылымдарының кандидаты Гүлім Елеусінова «Антиплагиат» әдісін қолдану - өзін-өзі жетілдірудің тиімді жолы» тақырыптарында баяндамалар оқыды.

Интернет-конференцияда сонымен қатар төмендегі мәселелер бойынша секциялар жұмыс жасады:

- Гуманитарлық пәндер және оларды оқыту мәселелері;
- Жаратылыстану пәндері және оларды оқыту әдістері;
- Мектеп, мектепке дейінгі білім беру және педагогика-психологиялық ізденістер;
- Инновациялық технологиялар және оларды өндіріске қолдану жолдары.

Айта кету керек, сырттай оқу факультеті бұрын осындай мағыналы шара өткізген емес.

**Өз тілшіміз**

# СПОРТ ШЕБЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ



Университетіміздің 50 жылдығына орай педагогика институты «Дене шынықтыру және спорт» кафедрасының ұйымдастыруымен «Спорт жұлдыздары» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелге еркін, грепплинг және джиу-джитсу күрестерінің шебері, ардагерлер арасында әлем чемпионы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Қуаныш Қазтұрғанұлы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, еркін және самбо күрестерінен ардагерлер арасында чемпионаттарының жүлдегері Әнуар Үксімбаев, «Халық» газеті мен «Қазақстан патриоты» журналының тілшісі Еркін Бақтияров, «Спорт жұлдыздары» республикалық ғылыми-әдістемелік, спорттық-патриоттық журналының бас редакторы Мұсағали Тасқалиев, каратэ-додан КСРО, Европа және әлем чемпионы, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушы және спорт шебері Әшім қали қонаққа шақырылды.

Дөңгелек үстелді университетіміздің оқу әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры Телеген Ботағариев сөз сөйлеп ашып, жиналған қауымға келген қонақтарды таныстырып өтті. Жиын барысында спортшылар өздерінің жеткен жетістіктерімен бөлісіп, жастарға бағыт-бағдар көрсетіп, ақыл-кеңестерін де айтып өтті. Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Қуаныш Қазтұрғанұлы осы университеттің түлегі екендігін, осы қара шаңырақта білікті де білімді оқытушылардан тәлім алғандығын мақтан ететіндігін жеткізді. «Осы университетте алған білімнің, тәрбиенің арқасында осындай жетістіктерге жетіп жүрміз деп есептеймін», - деген ол қатысушы қонақтар атынан университетіміздің жастарды спортқа баулып жүрген ардагер оқытушыларына Алғыс хаттар табыс етті. Кездесу өте жоғары деңгейде өтті. Студенттер келген қонақтарға қызығушылықпен сұрақтар қойды. Қазақ спортының дамуына елеулі үлес қосып жүрген жандардың әсерлі әңгімесінен студенттер өмірлеріне қажетті ақпаратты жадтарына түйгені анық.

**Жадыра АРЕН**



# ОСНОВЫ АНТИКОРРУПЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ

7 апреля под руководством начальника аналитического отдела Курманбековой М.Б. прошла презентация на тему «Основы антикоррупционной культуры» совместно с руководителем департамента, председателем совета по этике министерства по делам государственной службы РК по Актюбинской области Токушевым К.А. и руководителем управления профилактики коррупции Маханалиным Б.Н. Модератором конференции выступил проректор по воспитательной работе и социальным экономическим вопросам Миров М.О.

В комментарии к Указу Президента Республики Казахстан от 26 декабря 2014 года № 986 «Об антикоррупционной стратегии Республики Казахстан на 2015–2025 годы» говорится, что формирование уровня антикоррупционной культуры будет осуществляться посредством создания и проведения масштабных обучающих антикоррупционных курсов в учебных заведениях, государственных органах, среди населения, путем привлечения средств массовой информации к освещению мер, принимаемых государством по противодействию коррупции.

«В Казахстане впервые нормативно закреплено определение антикоррупционной культуры – это система ценностей, выражающихся в публичном порицании коррупции; отражает нетерпимое отношение к коррупции, предполагает стойкую гражданскую позицию «Честность и неподкупность – норма поведения»». По словам К.Токушева, с 2015-2016 учебного года высшее и послевузовское образование пополнено элективной дисциплиной «Основы антикоррупционной культуры». «Модельная учебная программа рекомендуется МОН РК вузам по всем специальностям бакалавриата для разработки своих рабочих программ по антикоррупционным дисциплинам», - отметил Токушев К.А.

Маханалин Б.Н., руководитель управления профилактики коррупции, подчеркнул что в декабре прошлого года Указом Главы государства утверждена Антикоррупционная стратегия на 2015-2025 годы. Целью Стратегии является повышение эффективности антикоррупционной политики государства, вовлечение в антикоррупционное движение всего общества путем создания атмосферы «нулевой» терпимости к любым проявлениям коррупции и снижение в Казахстане уровня коррупции. Одним из ключевых направлений определено формирование антикоррупционной культуры в обществе. Для учебно-методического обеспечения данной дисциплины Академией госуправления при Президенте РК разработано учебное пособие «Основы антикоррупционной культуры». Пособие утверждено Ученым советом Академии, и в скором времени ожидается его издание.

Коррупция, как негативный социальный феномен, является серьезной проблемой современного казахстанского общества, усилению борьбы с которой Глава государства уделяет особое значение и обращает внимание на это в «Плане нации», где одним из «100 конкретных шагов» реализации институциональных реформ обозначена актуальность вопросов предупреждения и профилактики коррупционных правонарушений.

**Динара КУЖАХМЕТОВА**

# ҰЛТАРАЛЫҚ НЕКЕ МӘДЕНИЕТ ДИАЛОГЫ РЕТІНДЕ



2016 жылдың 7 сәуірінде «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасы ұйымдастырған «Ұлтарлық неке мәдениет диалогы ретінде» атты дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелге университет студенттері мен Ақтөбе облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі Ж.М.Нуршин, Республикалық «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесінің жетекшісі Г.К.Шерниязова және осы мекеменің маманы Т.Т.Сапаров, университет журналистері қатысты.

Дөңгелек үстел барысында университет студенттері аталмыш тақырып бойынша өз пікірлерімен бөлісті. Пікір алмасу барысында баяндамашылар өздері жинаған мағлұматтар мен статистикалық мәліметтер келтірді. Дөңгелек үстел қатысушыларының, әсіресе, көпұлтты отбасынан шыққан студенттердің осы тақырып аясындағы ойлары мен баяндамалары қызықты болды.

Пікір алысуға дөңгелек үстел қонақтары да ат салысты. Пікір алысу барысында қызығушылық тудырған тағы бір өзекті мәселелер - қазақстандық біртектілік және «Үлкен отбасы – үлкен мемлекет» жобасы. Дөңгелек үстел аяқталған соң барлық қатысқан студенттер белсенділік танытқаны үшін Мақтау қағаздарымен марапатталды.

Қатысқан студенттер мен қонақтар дөңгелек үстел өткізілуін жоғары бағалап, тартымды өткендігін баяндады.

**Гүлдана МУКАНОВА**




# МАЗМҰНДЫ БАСҚОСУ

Жақында университетіміздің Студенттер сарайында құқық қорғау органдарының өкілдерімен, жастар саясаты басқармасы және дін істері жөніндегі департамент өкілдерімен «Құқықтық мәдениет және құқықтық білім - экстремизм мен радикализмнің алдын алудың басты тәсілі» тақырыбында кездесу өтті. Кездесудің басты мақсаты- жастарға дәстүрлі емес діни ағымдар жайында дұрыс ақпарат беріп, адасушылықтың алдын алып, олардың құқықтық білімдерін жетілдіруге үлес қосуға арналды. Шараға жастар көп жиналды.

Жиынды университетіміздің тәрбие жұмысы және әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі проректоры Мұхтар Миров жүргізіп отырды. Кездесу барысында сөз алған Ақтөбе облысы діни жұмыстар жөніндегі департамент басшысы Бауыржан Есмахан «Діннің мемлекеттігіміздің қалыптасуында үлкен орны бар. Бұлнп тақырып өте маңызды тақырып. Дін саласында 17 жылдан астам уақыт қызмет етіп келемін. Іс-сапармен көптеген мұсылман елдеріне де бардым. Қай елге барсаң да, Сауд Аравиясы болсын, Түркия, Әзбекстан, Қырғызстан, Пакістан болсын, барғанда ол жақтан сол елдің иісі, дәстүрі, салты аңқып тұрады. Әр елдің өзінің дәстүріне сай киімі болады. Біз дінге көңіл бөлген кезде өзіміздің салтымызды, ұлтымызды ұмытпауымыз керек. Ата-бабаларымыз атадан балаға мирас етіп қалдырған тіліміз, діліміз, киімімізді өзіміз дәріптемесек ол ешкімге керек емес», - деген ол қазіргі дәстүрлі емес ағымдардың қазақтың салт-дәстүрін бұрмалап, теріс бағытқа жастарды итермелеп жүргендігін баса айтты. Шариғат заңдарымен салыстыра отырып, кейбір жайлардды мысалға келтіріп, жастардың санасын оятып, ондай адасушылыққа бармаудың жолдарын түсіндіріп өтті. Сондай-ақ, кездесу кезінде «Нұрғасыр» мешітінің наиб-имамы Мұхиддин Асқарұлы, «Аңсар» ақпараттық талдау орталығының директоры Жандәулет Сүлейменовтерде дін мәселесіне орай салмақты ойларымен бөлісті.

Қонақтарға студенттер көптеген толғандырып жүрген сұрақтарын қойысты. Дін мәселесі әркезде өте өзекті, ауқымы кең тақырып. Ислам діні жолында жүрген білімді имамдардан жастардың сұрары да, үйренері де көп. Сондықтан мұндай кездесулерді жиі өткізудің қазіргі таңда маңыздылығы зор екені даусыз.

**Жадыра АРЕН**

## ТЕХНИКА ФАКУЛЬТЕТІ

# БІЛІКТІ КАДР-МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕГІЗІ

## ФАКУЛЬТЕТ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қазіргі танда К. Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университетінің техникалық факультетінде 9 мамандық бойынша жоғары білікті техникалық мамандар даярлануда, олар: «көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру», «көлік, көлік техникасы және технологиялары», «мұнай-газ ісі», «металлургия», «таукен ісі», «дизайн», «бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы», «органикалық заттардың химиялық технологиясы», «құрылыс».

Факультет деканы, т.ғ.к., доцент Мурзагалиев Ахмет Жакеевич.

Техникалық факультет республикамызда және батыс аймақтағы ең ірі, ендіріс мекемелерінің сұраныстарына сай техникалық мамандар даярлайтын оқу орны болып табылады. Аталған мамандықтар бойынша техникалық факультетте 2 мыңға жуық студент білім апуда: оның ішінде 54 пайызы –мемлекеттік білім гранты бойынша, ал 46 пайызы келісім шарт бойынша оқиды.

Факультеттің профессорлық-оқытушылар құрамы – жоғары білікті мамандар, ғылыми дәрежелігі -62%, оның ішінде Білім беру ісінің құрметті қызметкерлері, Ы.Алтынсарин тес белгісінің иегерлері, енертапқыштар, ҚР ғылымын дамыту еңбегі үшін тес белгісінің иегері, ҚР дизайнерлер қоғамының мүшелері, ҚР суретшілер одағының мүшелері және т.б. бар.

Техникалық факультетте техникалық бағыт бойынша 9 мамандық дайындалады.

### БАКАЛАВРИАТ:

- 5B070900 - «Металлургия»
- 5B070700 - Тау-кен ісі
- 5B070800 - «Мұнай газ ісі»
- 5B071300 - «Көлік, көлік техникасы және технологиялар»
- 5B072100 - «Органикалық заттардың химиялық технологиясы»
- 5B072000 - «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы»
- 5B072900 - «Құрылыс»
- 5B090100 - «Келікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымагдауды ұйымдастыру»,
- 5B042100 - «Дизайн» мамандығы

Факультет мамандықтары Ұлттық рейтинг нәтиежелері бойынша жоғары керсеткіштер керсетіп келеді. Мысалы, ҚР БжҒмҰлттық аккредитациялау орталығы анықтаған 2014 жылғы рейтинг бойынша «Металлургия» мамаадығы Қазақстан Республикасының ЖОО-ы бойынша 2-орынға, ал 2015 жылы – 3-ші орынға ие болды. 2014 жылғы рейтинг бойынша 5B071300 «Келік, келік техникасы және технологиялары», 5B072000 «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандықтары Қазақстан Республикасының ЖОО-ы бойынша 3-орынға ие болды.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ АЯСЫНДА

Факультет 17 ЖОО-мен келісімшарттарга тұрған.

Оқу процессін және ғылыми жұмыстарын жетілдіру мақсатында факультетте халықаралық байланыстар орнатылған, соның ішінде: АҚШ Теннеси технологиялық




университеті, Губкин атындағы мұнай және газ Ресей мемлекеттік университеті, Ресей мемлекетінің Г.И. Носов атындағы Магнитогорск мемлекеттік техникалық университеті, Омск қ. «Халық енерінің жогарғы мектебі (институт)», Қырғызстан Ж. Баласағұн атындағы қырғыз мемлекеттік университеті, Орынбор мемлекеттік университеті, И. Федоров атындағы Мәскеу мемлекеттік баспа университеті, Ресей, Челябинск қ. Оңтүстік Орал мемлекеттік университеті Ресей, Уфа қ. Уфа мемлекеттік мұнай техникалық университеті, Альметьевск мұнай институты (Ресей, Татарстан), Ресей, Иваново қ. Ивановск мемлекеттік политехникалық университеті және т.б.






## ТҮЛЕКТЕРДІ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Қазірп танда оқу прцесін ендіріс талаптарымен ұштастыру ушін ректорат, факультет кафедралары елкенің ірі өндіріс орындарымең кәсіпорындарымен тығыз байланыс орнатып, келісім- шарттар, меморандумдар жасауда. Бұлар: «Дең кен байыту» комбинаты, «Ақтебе ферроқорытпа зауыты», «Каспиймұнай» ТМЕ АҚ, АҚ «Ақтебе химиялық қоспалар» зауыты, ЖШС «АкпобНИГРИ», АҚ «Автопарк», АҚ «Ақтебе бейметалл құбырлар зауыты», «Ақтебе рельс-арқалық зауыты», ЖШС «Стройдеталь» т.б. Техникалық факультет кафедраларында оқу прцесін әндіріс мекемелері мен базаларында, филиалдарда еткізу жұмыстары қалыптасқан. Ақтебе ферроқорытпа зауытының ғылыми зерттеу орталығында оқу процесі ендіріс орныада ұйымдастырылған. ЖШС «АктюбНИИГРИ» институтының базасында, Ақтебе облыстық технопарк, АҚ «Автопарк», АҚ «Ақтебе хром қосындылары зауыты», Ақтебе сертификациялау және метрология орталығы, Ақтебе стандарттау орталығында келісім-шарттар бойынша оқу процесі ұйымдастырылған. Бұл жағдайларда тікелей өндіріс мамандары да лабораторлық-практикалық сабақтарды еткізеді.

## УНИВЕРСИТЕТ ТҮЛЕКТЕРІ

Еліміздің, шетепдің әртүрлі деңгейдеп мекемелерінде сұранысқа ие болып, нарық талаптарына сай ез міндеттерін білікті маман ретінде сапалы атқаруда. Мысалы: «Мұнай-газ ісі», «Металлургия», «Химиялық технология», «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» мамандығының кептеген түлектері Батыс Қазақстан және Ақтебе облыстарында ез мамандықтары бойынша еңбек етуде. «Металлургия» мамандыгының түлектері: АҚ ТҰК, т.ғ.к. М.Алмағамбетов, «Казхром» АкФЗ ғылыми зерттеу орталығының басшысы, т.ғ.к. Р.Саитов, АҚ ТҰК, «Казхром» АкФЗ,



балқыту цехының басшысының орынбасары, т.ғ.к. Е. Абдулабеков, №4 цехтың бас технологы, т.ғ.к. Д.Айдаров, АФЗ ендірістік – техникалық белімінің бастығының орынбасары Ж.Б. Мусабеков, АҚ ТҰК, «Казхром» АкФЗ стратегиялық даму департаменті бастығы, т.ғ.к. Н.Нургали, АҚ ТҰК, «Казхром» АкФЗ стратегиялық даму департаменті бастығының орынбасары, т.ғ.к. А.Акуов, ғылыми зерттеу орталығының бас ғылыми қызметкері, №4 цех технологы Ж. Нурмухамбетов. «Химиялық технология» мамандығының түлектері: ТШО АҚ кеңесші М. Кериков, АкпанОйл АҚ инженері Г. Скакова, «Алтиус-Петролеум» АҚ инженері Г. Баекенова, «Сағыз-Петролеум» АҚ инженері А. Сагиев, «Аджип ККО» сапа инженері Қ.Амангельдиева , «Кумколь-Мұнай» инженері Г. Раимбергенова, «Темиржолсу-Ақтәбе» ЖШС аға инженері Т. Ұзақбаев т.с.с. Атап етегін болсақ, осы тізімдегі мамандар университет қабырғасында алған білімдерін дәлелдеп, ендіріс қажеттілігіне жарата отырып, жетекшілер және бас мамандар ретінде алдыңғы қатардан керінуде.

Өндіріс мекемелерінде қазіргі кезеңде енгізіліп жатқан жаңа инновациялық технологияларды іске асыру кезіндегі білікті жас мамандар ретіндегі үлестері айқын. Осы мысалдарды ескере отырып, «Білім –ендіріс елшемі» деп нақты, ашық айта аламыз.




## СТУДЕНТТЕР ЖЕТІСТІГІ

Факультет студенттері республикалық пендік олимпиадалардың тұрақты жеңімпаздары болып келеді. Мысалы: «Келік, келік техникасы және технологиялары» мамандығының студенттері 2-ші орың 2015 жылы 1 және 3-орың 2016 жылы 2-орын жеңіп алып, дипломдармен марапатталды. «Металлургия» мамандығының студенттері соңғы жылдары республикалық деңгейде тұрақты 2-3 орындарды иеленуде. 2014-2016 жыпдары «Дизайн» мамандығының студенттері Орынбор қаласында халықаралық керме сайысында жүлделі 3-ші орынды иеленді. Ал, 2016 жылы сеуір айында Алматы мемлекеттік архитектура академиясында еткен республикалық олимпиадада 3-ші орын алды. Органикалық және бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы мамандықтарының студенттері Тараз, Шымкент қалаларында еткен республикалық олимпиадаларда 3-ші орынға ие болды.



## БІЛІМ САЙЫСЫНДА ТОП ЖАРДЫ

Жақында М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы мамандығы бойыншав Қазақстан Республикасының ЖОО арасында VIII Республикалық пәндік олимпиадасы әтті. Аталмыш олимпиадаға біздің университетімізден химиялық технология кафедрасының 3 курс студенттері Анастасия Дегтяренко, Анастасия Перепелкина, Рзагуль Сулейменовалар қатысып, жүлделі үшінші орынды иеленіп кегді. Топқа «Химиялық технология» кафедрасының аға оқытушысы Г.К.Бекетова жетекшілік етті.

Олимпиада 2 турдан тұрды. Бірінші тур – компьютерлік тестілеу, екінші тур – ғылыми жоба қоргау.

Біздің студенттерден құралған топ «АХҚЗ ағынды суларын VI валентті хромнан тазалау адістерін зерттеу» тақырыбындағы ғылыми жобаларын сәтті қоргай білді.

Білім сайысы қорытындысында тек топтарга ғана емес, жеке студенттерде орындар берілді. Біліктіліпн таныта білген Анастасия Дегтяренко 3 дәрежедегі дипломмен марапатталды.

Жүлделі орындарың құтты болсың биік белестерден кәріне беріңдер дейміз.




**«Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша VIII Республикалық пәндік олимпиада**

Наурыз айының 30-31 күндері Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінде (Алматы қаласы) Қазақстан Республикасы жогары оқу орындары студенттерінің 5B072100 – «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша VIII Республикалық пәндік олимпиада еткізілді.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе еңірлік мемлекеттік университеті атынан 5B072100 – «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығының 4-курс студенттерінен құралған «ДеревоПласт» командасы қатысты. Команда мүшелері: Нұрлыбай Сұлтан, Утегенов Данияр, Кабдыгалиева Гульдана және Сәскебай Әсем. Команданың ғылыми жетекшісі «Химиялық технология» кафедрасының оқытушысы, магистр Абилова Г. К.

Олимпиада екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңінде компьютерлік тесттеумен студенттердің білім деңгейі тексеріліп, екінші кезеңге ғылыми жоба қоргауға жіберілді. Команда «Получение древесно-полимерного композита различного назначения на основе вторичных полимерных отходов» тақырыбында ғылыми жоба қоргады.

Олимпиаданың нәтижесі бойынша Нұрлыбай Сұлтан Әлімжанұлы жүлделі орынға ие болып III – дәрежелі дипломмен марапатталды.

## ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА ФАКУЛЬТЕТІ

# МАТЕМАТИКТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫ

## ФАКУЛЬТЕТ ҚҰРЫЛЫМЫ:

Физика-математика факультеті 1966 жылы құрылды және математика, физика, ақпараттық жүйелер саласында кадрлар дайындау мен іргелі ғылыми зерттеулер жүрпзуде өңірдегі алдыңғы қатарлы оқу және ғылыми орталық болып қалыптасты. Факультет деканы ф.-м.ғ. кандидаты, доцент С.Қ. Тулепбергенов.

Факультетте 97 профессор-оқытушы, соның ішінде, 7 ғылым докторы, 46 ғылым кандидаты, 2 PhD, академиктер, академия муше-корреспонденттері, профессорлар, доценттер, ғылым магистрлері еңбек етеді.

Оқытушылар білім гранттары мен үздік дәрежелерге ие болғандығын айтсақ: ҚР ЖОО ең үздік оқытушысы (профессорлар И.Ф.Спивак-Лавров, Ж.Н.Тасмамбетов, доцент Т.Т.Шерияздан), Қазақ ССР-і халық ағарту үздігі (профессорлар Ж.А.Сартабанов, А.Б.Берж анов, доценттер Ж.Қ.Қаидасов, Қ.О.Оңайбаев, Қ.Н.Ниязмағанбетов), ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері (профессор К.К.Кенжебаев, доцент С.К. Абдибекова), ҚР білім беру үздігі (профессор К.К.Кенжебаев, доцент Ж.Ж.Шукіров), ҚР Жоғары мектебінің еңбек сіңірген қызметкері, Ы.Алтынсарин атындағы медаль (доцент С.И.Отарбаев), ҚР ғылымын дамытудағы еңбегі үшін (профессор Қ.Ш.Шүнкеев), ҚР БҒМ Қ.Сәтпаев атындағы сыйлық (профессор Қ.Ш.Шуңкеев, С.Қ.Телепбергенов, Ш.Ж.Сағымбаева, Ә.З.Бекешев), Ақтөбе қаласының құрметті азаматы, Ақтөбе облысы әкімінің «Жас ғалым» гранты (ф.-м.ғ.к. А.А.Бармина, Л.Н.Мясникова).

### БАКАЛАВРИАТ:

- 5B010900 – Математика
- 5B011000 – Физика
- 5B011100 – Информатика
- 5B060100 – Математика
- 5B060400 – Физика
- 5B060200 – Информатика
- 5B070500 – Математикалық және компьютерлік моделдеу
- 5B070300 – Ақпараттық жүйелер
- 5B070400 – Есептеуіш техника және бағдарламалық қамтамасыз ету

### МАГИСТРАТУРА:

- 6M060100 – Математика
- 6M060400 – Физика
- 6M060200 – Информатика
- 6M070300 – Ақпараттық жүйелер
- 6M010900 – Математика
- 6M011000 – Физика

### ДОКТОРАНТУРА:

- 6D060100 - Математика

## ФАКУЛЬТЕТ ҚҰРЫЛЫМЫНДА 7 КАФЕДРА БАР:

- іргелі және қолданбалы математика кафедрасы (каф. меңгерушісі, ф.-м.ғ. кандидаты, доцент Ахметова А.Ә.)
- математика және математиканы оқыту кафедрасы (каф. меңгерушісі, ф.-м.ғ. кандидаты, доцент Иманчиев А.Е. )
- конденсияланған күй кафедрасы (каф. меңгерушісі, ф.-м.ғ. кандидаты, доцент Сағымбаева Ш.Ж.)
- эксперименттік және теориялық физика кафедрасы (каф. меңгерушісі, ф.-м.ғ. кандидаты, доцент Құрманбай М.С.)
- информатика және есептеуіш техникасы кафедрасы (каф. меңгерушісі, ф.-м.ғ. кандидаты, доцент Сәрсембаева С.М.)
- информатика теориясы және оқыту технологиясы кафедрасы (каф. меңгерушісі, ф.-м.ғ. кандидаты, доцент Ерекешева М.М.)
- ақпараттық жүйелер кафедрасы (каф. меңгерушісі, ф.-м.ғ. кандидаты, доцент Жахина Р.У.)

Факультет құрамында ғылыми-зерттеу орталықтары бар:

- қолданбалы математика және информатика институты (директоры, ф.-м.ғ.д., профессор Бержанов А.Б.)
- «Материалдардың радиациялық физикасы» ғылыми орталығы (жетекшісі, ф.-м.ғ.д., профессор Шункеев Қ.Ш.)
- «Нанотехнология» ғылыми зертханасы (меңгерушісі, ф.-м.ғ.к., доцент Бекешев Ә.З.)
- «Білім берудегі ақпараттық технологиялар» зертханасы (меңгерушісі Айтжан А.М.)

ҚР БҒМ-нің қаржыландыруымен іргелі ғылыми зерттеулер орындалуда (жетекшілері: К.К.Кенжебаев, Ж.А.Сартабанов, К.Ш.Шуңкеев, И.Ф.Спивак-Лавров).

*Қыздар мемлекеттік педагогикалық университетінде оқу кезінде Мыңтұрғанова Гүлсая мен Бисембиева Ақынта профессор Исаев Сапар Әуезбекұлының 60- жылдық мерейтойына арналған "Әлемдік ақпараттық білім беру кеңістігі бәсекеге қабілетті ұстаз қолында" атты жас ғалымдар арасындағы Республикалық ғылыми- тәжірибелік конференциясында 3 орынды иеленді.*



## ФАКУЛЬТЕТ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖАҒЫНАН ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРЫЛҒАН

20 компьютер кластары және зертханалары, «Виртуалды академия» жүйесі, 30 интерактивті тақтамен жабдықталған аудиториялар, «Механика», «Молекулалық физика», «Электр және магнетизм», «Оптика», «Атомдық және ядролық физика», «Физиканы оқыту әдістемесі», «Схемотехника және ақпараттық-елшеуіш техника», «Электротехника және электр тізбектерінің теориясы», «Микроскопия», «Наноматериалдарды талдау», «Полимерлер физикасы» және т.б. зертханалар оқу үрдісінде пайдаланылады.

## СТУДЕНТТЕР ЖЕТІСТІГІ




6M 060100 – «Математика» мамандығының 2-ші курс магистранттары 2016 жылдың наурыз айында Москва қаласындағы М.В.Ломоносов атындағы ММУ-дің механика- математика факультетінде ғылыми-зерттеу тәжірибесін өткізіп, шетел академиктерінен дәріс алды.

7 сәуір күні «Жастар ғылым жолында-2016» атты республикалық дәрежедегі студенттердің ғылыми апталығында пәндік олимпиададан «Математика» пәнінен 5B060100 – «Математика» мамандығының 1курс студенті Қабиев Шынтас 1 дәрежелі дипломға ие боса, 5B060100 – «Математика» мамандығының 4 курс студенті Иса Гүлдана ғылыми конференцияда үздік баяндама жасағаны үшін 1 дәрежелі дипломмен марапаттады.



## ФАКУЛЬТЕТ СТУДЕНТТЕРІ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Профессор-оқытушы құрамы ғылыми жұмыстар, магистратура, докторантура және біліктілікті жоғарылатуға арналған курстар бойынша Крайова университеті (Румыния), Абай атындағы ҚазҰПУ, ҚазМҚызПУ, УҒА-ның В.М.Глушков атындағы кибернетика институты (Украина), Самара мемлекеттік университеті, Әулие Климент Охридский атындағы София университеті (Болгария), М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Орынбор мемлекеттік университеті, Карлов университеті (Чехия), Гагарин атындағы Саратов техникалық университеті, Санкт-Петербург жоғары молекулалық қосындылар институты, Тарту университеті (Эстония), Гданьск университеті (Польша), Латвия университеті (Рига), РҒА А.Ф.Иоффе атындағы физика-техникалық институт (Санкт-Петербург), Ұлттық зерттеу Томск университеті, Россияның Бірінші Президенті Б.Ельцин атындағы Урал федеральдық университеті (Екатеринбург), Кемерово мемлекеттік университеті, National Laboratory Astana, Сингапур ұлттық университеті, «Наноиндустрия» концерні (Мәскеу), Федеративтік мемлекеттік унитарлық мекеме «НПО «Орион» (Мәскеу), Санкт-Петербург техникалық университеті, РҒА Жоғары молекулалық қосылыстар институты (Санкт-Петербург), Т.Шевченко атындағы Киев ұлттық университеті (Украина), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Ядролық физика институты (Алматы), «Ғарыш зерттеулер мен технологиялардың Ұлттық орталығы» (Алматы), И.П.Шамякин атындағы Мозырь мемлекеттік университеті, т.б. оқу орындарымен тығыз байланыста.

Информатика теориясы және оқыту технологиясы кафедрасы студенттері



1-4 сәуірде Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде ЖОО студенттері арасындағы өткізілген Республикалық пәндік олимпиадада Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің «5B011100-Информатика» мамандығының студенттері командалық есепте -III дәрежелі дипломмен, жеке есепте ИПКБ 4 тобының студенті А .Бедер - II дәрежелі дипломмен, ИПРО2 тобының студенті А.Д. Поляков - II дәрежелі дипломмен, ИПКБ4 тобының студенті Н. Ұзақбаев - III дәрежелі дипломмен марапатталды. Ғылыми жетекшісі: ф.-м.ғ.к., аға оқытушы Құрманғалиев Ерғали Қыдырғалиұлы.



## ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары арасында еткізілетін жыл сайынғы дәстүрлі Республикалық пәндік олимпиада биыл да жалғасын тапты. Біздің университетімізде физика пәнінен физика-математика факультетінің «Конденсияланған күй физика» кафедрасы бойынша «5B011000 – Физика» мамандығының студенттері Қарағанды қаласындағы академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде пән бойынша өткен олимпиадаға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп оралды. Дарынды студенттерге «Конденсияланған күй физика» кафедрасының оқытушысы Сарсенбаев Берікбай жетекшілік етті. Республикалық пәндік олимпиада 14-15 сәуір аралығында етті, оған 10 облыстан келген 14 команда қатысты. «5B011000 - Физика» мамандығының 1 курс студенті Керекова Мөлдір, 2 курс студенті Назаров Жоламан, 3 курс студенті Тілеп Айжан пән бойыншаездерінің білімдерін сынға салып, өздерінің қарсыластарынан басып озып, командалық есеп бойынша жүлделі 3 орынды иеленді.

Жалпы сайыс 2 тур бойынша өткізілді.

Бірінші тур 2 кезеңнен тұрды: 1) Онлайн тест 2) Практикалық жұмыс (Есеп шығару).

Екінші турда студенттер зертханалық жұмыстан сынға түскен.

Сайыс аяқталуымен қатысушы сайыскерлерге арналып физика-техникалық факультетінің физика күніне арналған концерті ұйымдастырылды. Сонымен қатар, келген қатысушы қонақтарға арналып университет мұражайына экскурсия ұйымдастырылды.





# ТҮЛЕКТЕРДІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ШАРАСЫ

**Жақында Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе еңірлік мемлекеттік университеті конференң-залында университет тулектерін еңбекке орналастыру шарасы вткізілді. Аталған шараға Ақтебе облыстық білім басқармасы, Ақтебе қалалық білім белімі, аудандық білім белімдерінің басшылары мен мамандары және Атырау, Маңғыстау, Қызылорда облыстық білім басқармаларының басшылары шақырылды.**

Ағымдағы оку жылында Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе еңірпік мемлекеттік университетін 633 түлек 22 педагогикалық мамандық бойынша бітірмекші. Түлекгердің 281-і мемлекеттік білім грантының иегерлері. Білім грантының иегерлерін жұмысқа белу ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 390 қаулысына сай жүзеге асырылмақ.



Түлектерді болашақ жұмыс орындарына белу Ақтебе облыстық білім басқармасының педагог кадрларға 2016-2017 оқу жылына сұранысы непзінде еткізіледі. Аталған сұранысқа сәйкес жаңа оқу жылына жас мамандарға қажеттілік 328 орынды құраса, оның ішінде 252 жас маман ауыл мекгептеріне қажет. Университет түлектері осы сұраныстардың 60% қанағаттандырып отыр. Кеп қажеттілікке ие мамандықтар математика -74 орың, орыс тілі мен әдебиеті - 53, басгауыш оқытудың педагогикасы мен адістемесі – 31, физика -26 орын бепінген. Аудандар бойынша- Қарғалы ауданына – 50, Хромтау ауданына-38 мұғалім, Ойыл ауданына-33 мұғалім қажет екен.

**Өз тілшіміз**

# КОМАНДА «ARSU SPE SC» - ПОБЕДИТЕЛЬ




31 марта с.г. на базе технического факультета прошла II городская научно-интеллектуальная игра "PetroLeader", в которой приняли участие команды АРГУ им. К.Жубанова, «Акпобинский политехнический колледж - 1», «Акпобинский политехнический колледж - 2», «ARSU SPE Student Chapter», «Акпобинский политехнический колледж - 3».

В составе жюри были преподаватели спецпредмета кафедры «Нефтегазовое депо» и Акпобинского политехнического колледжа, преподаватель профессионального английского языка, также был ведущий инженер отдела по исследованию проблем добычи и бурения НИИ АО «СНПС-АМГ».

Научно-интеллектуальная игра состояла из четырех туров: «Warm-Up», «Erudite», «Logic Questions», «PetroPoker». По итогам 3-х туров в финал вышли две команды: «Акпобинский политехнический колледж – 3» и «ARSU SPE SC». IV тур был решающим для них. В этом туре были ячейки с вопросами. Все вопросы были взяты из спецпредметов нефтегазовой промышленности.

Участники выкладывались по полной, так как в игре есть только один победитель, а побадитепю достается все. По итогам IV тура команда «ARSU SPE SC» вышла вперед, опередив соперника, и стала обладателем кубка «iind Aktobe within city Scientific-intellectual game – PetroLeader». Также каждый участник команды «ARSU SPE SC» получил приз и сертификат. Остальные команды получили сертификаты за участие. После захватывающей игры был организован фуршет для жюри и участников игры, где студенты в спокойной обстановке могли поговорить на интересные темы и, конечно же, поделиться опытом.

Игра прошла в дружеской обстановке, были яркие моменты во время награждения, и прошла она лучше, чем в прошлом году: был новый формат игры, интересные логические картинки и вопросы. Студенты общества инженеров-Нефтяников (SPE) при АРГУ им. К.Жубанова каждый год делают все возможное, чтобы улучшить игру и сделать ее интересней.

«ARSU SPE SC» благодарит всех участников игры, всех членов «SPE» за организацию, а также кафедру «Нефтегазовое депо» за поддержку.

**Анарбек РЫСКАЛИЕВ**

# БАСКЕТБОЛДАН «ELB-CUP» ТУРНИРІ ӨТТІ

Университетіміздің 50 жылдығына орай экономика және құқық институтының студенттер және жастар ұйымдарымен жұмыс белімінің ұйымдастыруымен 1-3 курс студенттері арасында баскетболдан «ELB-CUP» турнирі етті. Турнирдің басты мақсаты - экономика және құқық институтының баскетбол құрамасын құру және институт ішінде жастар арасында баскетболды дамыту.

Аталмыш турнирге әр мамандықтан 6 команда қатысты. Олар БК «КазРунь», БК «Шоми», БК «МК», БК «ЭКО», БК «Запах клубники», БК «Сб. ЮР» командалары.

Ойын барысында алты команданың ішінен финалдық бәсекеге «Запах клубники» және БК «КазРунь» командалары шығып, нәтижесінде «ELB-CUP» кубогінің иегері «КазРунь» командасы атанды. Екінші орынды "Запах клубники" командасы иеленсе, 3 орын «Сб.ЮР» командасына берілді.

Барлық жеңімпаз командалар диплом және кубокпен марапатталды.

**Өз тілшіміз**



# СПОРТТЫҚ ЖАРЫС

Жақында техникалық факультеттің студенттермен және жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімінің ұйымдастыруымен Спорт кешенінде университетіміздің «Мәңгілік еп жастары-индустрияға!» - «Серпін-2050» жобасы қатысушылары арасында ететін «Апаман» фестивалінің аясында «Шынықсаң шымыр боласың!» атты спорттық жарыс етті. Жарыс волейбол, қол күрес түрлерінен еткізілді. Қыздар арасындағы вопейбопға 5 команда, ер балалар арасындағы вопейболға 4 команда, қол күресіне 10 студент қатысты.

Нәтижесінде филология факультетінің командасы 1 орынды, педагогика институты 2 орынды, жаратылыстану факультеті 3 орынды иеленсе, ер балалар арасындағы волейболдан филология факультеті 1 орынды, тарих факультеті 2 орынды иепенді. Ал қол күрес сайысы бойынша Дамир Ержанов 1 орың Сәкен Телебаев 2 орың Абзал Шәріп 3 орынды жеңіп алды. Жеңімпаздар дипломдармен марапатталды.

**Данагүл БАЗАРБАЕВА,**
**техникалық факультетінің студенттермен**
**және жастар ұйымдарымен жұмыс белімінің маманы**

# ҒАШЫҚТАРДЫҢ МЕРЕКЕСІ

Соңғы кездері елімізде аталып ете бастаған 15 сәуір «Қозы Керпеш-Баян сұлу» ғашықтар күніне орай, экономика және құқық институтының студенттермен және жастар ұйымдарымен жұмыс белімінің ұйымдастыруымен жұптар арасында байқау өткізілді.

Аталмыш шараға 4 жұп қатысып, жылдың керкем мезпілі кекгеммен түспа түс келген бұл мерекеде тазалық пен сұлулықты, әдемілікл насихаттай білді. Жұптарға керсеткен енерлері, тапқырлықтарына орай номинациялар берілді.Нәтижесінде Адилбек Тулепов пен Алтынай Дайынова «Өнерлі жұп» атанса, «Жарасымды жұп» атағына Мейіржан Байбулатов пен Аяжан Максутова лайық деп танылды. «Ерекше жұп» атанған Ержан Узакбаев пен Айгерім Байжігіт кермен кезайымына айналып, экономика және құқық институтының инстаграм парақшасында дауыс беру арқылы анықталған «Халық таңдауы» номинациясын да иеленді. Ал бас жүлдені Мақсат Мусабаев және Данагул Исанова жұбы жеңіп алды.

Барлық қатысушылар Алғыс хаттармен және сыйлықтармен марапатталды.

Халық эпосындағы атақты шығарма Қозы мен Баянның шынайы махаббатың тұнық сезімін насихаттауға арналған бұл шараның жастарға үлп болары сөзсіз.

**А.БАЗАРМАГАНБЕТОВ,**
**студенттермен жене жастар**
**ұйымдарымен жұмыс бөлімінің маманы**


Қазакстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат Министрлігі Ақпарат және Мұрағат комитеті
Мерзімді баспасвз басылымдарын және ақпарат агенттіктерін есепке алу туралы 2014 жылғы 12 ақпанда тіркеліп №14155-Г куәліп берілген

Бас редактор Кужахметова Д.Т.
Газет тілшісі Арен Ж.С.
Газет корреспонденті Бекбаганбетов О.
Газет маманы Жалгасбаева М.Ж.
Газет корректорлары Адилханова С., Трофимова Г.
Фотокорреспондент Арен Ж.С.

Меншік иесі:
Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе вңірлік мемлекеттік университеті

Газет ЖШС «Хабар Сервис» баспаханасында (Актебе қаласы. Смағұлов кешесі, 9 «К» басылады.
Тел.: 8(7132)545-545, 400-400.

Тапсырыс №58.
Таралымы 3000

Біздің мекен-жайымыз:
030000, Ақтебе қаласы, Ә. Молдағұлова кешесі 34 үй. 2-кабат, 200 ⁶ белме. Келемі 2 баспа табак.
Газет айына 2 рет шығады.

Газет редакциясына келіп тускен қолжазбалар мен фотосуреттер кайтарылмайды.